


ҰЛТ ТҰЛҒАЛАРЫН ҰЛЫҚТАУ - ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында барлық салаларда халықтың санасын, рухын жаңғыртуға бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының оқытушылары шетелде тұрып, қашықтан оқып, білім алып жатқан тыңдаушыларға қазақ халқы үшін, мемлекеті үшін жан салып еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің бірі Міржақып Дулатов пен Кеңес Одағының Батыры, қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы жайындағы «Ұлт тұлғаларын ұлықтау – ұрпақ парызы» атты әдеби-танымдық онлайн іс-шарасын ұйымдастырды.

Қазақ тілі мен әдебиетінің пен оқытушылары Үсіпов Асан мен Қасымхан Ғалым және Қазақстан тарихы пәнінің аға оқытушысы Байназарова Жұлдыз тыңдаушыларға Алаш партиясы мен қайраткерлері туралы кеңінен түсіндіріп келіп, Міржақып Дулатовтың өмірі, шығармашылығы, саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі көрген

қиыншылықтары жайында толығырақ тоқталып өтті. Сонымен қатар, батыр Бауыржан Момышұлының сұрапыл соғыстың қан майданында жаумен жағаласа жүріп, бір жағынан көзімен көрген қанды оқиғаларды қағаз бетіне қалдырған естеліктерінен үзінділер оқып, Бауыржан Момышұлы туралы жазылған кітаптар жайында айтып өтті.

Міржақып Дулатов пен Бауыржан Момышұлы жайында дайындалған бейнероликтер де көрсетілді. Сабақта үздік тыңдаушылардан 2-физика тобының тыңдаушысы Каниярова Дана «Алаш рухының жаршысы» атты М.Дулатовқа арналған баяндамасын оқыса, 7-ағылшын тобының тыңдаушысы Нарбаева Маржан «Қазақтың батыр Бауыржаны» атты Б.Момышұлына арналған баяндамасын оқыды. Осы бір тағылымды кештен әсерленген тыңдаушылар арасынан Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты өлеңін оқығандар болды. Ел болашағы жолында ештеңеден тайсалмайтын рухы биік



жандардың өмірінен бойларына сәл де болса жігер-күш жинаған жалынды жастар. «Атамекен» әнін де қосыла шырқап, өздерінің атажұртқа деген ыстық сәлемдерін де жеткізді.

Еліміздің еңсесінің биік, іргесінің бекем болуы үшін ескелең жастарды отан-сүйгіштікке баулу – барлық білім ордасының борышы. Осындай тағылымды іс-шаралардың көптеп өтуі ұрпақ тәрбиесінің түзелуіне септігін тигізеді. Елдің ертеңі, болашағы үшін күрескен М.Дулатов пен Б.Момышұлы секілді ұлт тұлғаларын ұлықтау – ұрпақ парызы.

**А.ҮСІПОВ,
Ғ.ҚАСЫМХАН,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дың ЖОО-ға дейінгі
дайындық орталығының
аға оқытушылары.**